

Қазақстанның ғылым, білім, мәдениет қайраткерлері

Орындаған: Шиналиева Ақназия

Топ: 107 ХТОВ

Тексерген: Ахметжанова Ажар



«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесі мен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді».

Ғасырдың ғаламат ақыны



Мұхтар Шаханов еліміз үшін көп еңбегі сіңген қазақтың ғаламат ақыны. Мұхтар Шаханов - «Қырғыз Республикасының халық ақыны», жиырмадан астам шет елдік академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. Бірнеше өлең кітаптарының және халық арасына кең тараған бірқатар әндердің авторы. Балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. "Махаббат заңы", "Сенім патшалығы", "Сократты еске алу түні" атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.



Қансейіт Әбдесұлы филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі. Қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының професоры. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Т.Әлімқұлов шығармашылығы жайында «Ел мен жер» атты тұңғыш зерттеу еңбегін жариялады. Қансейіт Әбдесұлы тәкентану әлеміне ден қойды, терең зерттеп, зерделеп, кестелеп жазды. Т.Әлімқұлов Б.Майлиннен кейінгі қазақтың қара сөзін құлпыртып, мәйегін ұсынған аса талантты прозаик екенін айқындап берді.



*Мақсатым - түркілердің
рухани байлығын, әлем
өркениетіне қосқан
үлесін көрсету.*

Қаржаубай Сартқожаұлы тарих ғылымының кандидаты, профессор.

«Қош бол, апа!», «Қыранның қазасы», «Сәйгүліктер» атты көркем прозалық кітаптардың, 100-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы. 80-ге жуық ғылыми мақалалары Москва, Ұланбатыр, Пекин, Стамбул, Лондон, Париж, Алматы, Астана қалаларында ғылыми басылымдарда жарияланды. Қаржаубай Сартқожаұлының екі монографиялық еңбегі жарық көрді.

«Орхон мұралары» және «Байырғы түркі жазуының зерттелуі» деп аталатын еңбектерге осыдан 2000 жыл бұрынғы көк түркілердің өсиеті, дәстүр-салтын қамтыған тарихи жазбалар енген. Оны жазуға автор 30 жылға жуық уақытын жұмсаған. Жалпы, Қаржаубай Сартқожаұлы әлемнің 10-ға жуық тілінде 9 монографиялық, 150-ден астам ғылыми еңбек жазды.



Роза Мұқанова Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор. "Жарық дүние" (1994, "Жалын"), "Дүние кезек" (1997, "Жазушы") әңгімелер жинағы, "Құдірет-Кие" (2000, "Сөздік-Словарь") әңгімелері мен драмалық хикаяттары жарық көрді. 2001 жылы Рабғүзидің "Қисса-сүл-Әнбий-я" кітабын алғаш рет қазақ тіліне тәржі-малады. 2001 жылы Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Қыз жылаған» әңгімесінің желісімен кино түсірді. Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының, «Жалын» журналының Т.Айбергенов атындағы сыйлығының (1989), Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты



Шот-Аман Уәлиханов сәулетші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Шығыс елдері Халықаралық сәулетші академиясының академигі. Ш.Ы.Уәлиханов бірнеше ірі ғимараттардың, 20 монумент пен ескерткіштің авторы. Уәлиханов 1996 ж. Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік елтаңбасы бойынша өткен байқауында ҚР сәулетшілер одағының алтын медалі мен дипломын алды, Қазақстан мемлекеттік рәміздерінің бірі елтанбаның авторы. Шота Уәлихановтың басшылығымен 1996 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласынды Тәуелсіздік монументі ашылды. Бұл ескерткіш желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздіктің жариялануын көрсететін ұтымды шешім.



Бейнелеу өнері – қиялға қанат байлап, шабытқа бөлейді. Шетелдіктер алыстағы ұлтты алдымен осындай мәдениеті, өнері және тарихы арқылы таниды .

Амандос Ақанаев Қазақстан

Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, академик, ескіндемеші. Оның жұмыстары «Шығыс галереясы» (Москва қ.), «Алыс әлемдер» (Вашингтон қ.), «Has Sanat» (Астана қ.), «Трибуна» (Алматы қ.) галереяларында көрсетілген. Суретшінің жұмыстары ҚР Президентінің, Россия, Германия, Франция, Америка, Канада, Қазақстан, Лихтенштейн, Швейцарияның жеке коллекцияларында сақтаулы. «АРТ-МИФ» (Москва қ. 1993), «Еліміздің жастық шағы» (Москва қ. 1986) көрмелеріне қатысқан. Москва (1995), Эрфурт (1994), Вашингтон (1999), Астана (2004), Алматы (2002) қалаларында жеке көрмелерін өткізген.

Назарларыңызға рахмет!